

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
БВ017 - ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.01.2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD, Г. Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. П.Адиева, академиялық персонал – ф.ғ.к.А.Байтуова, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж.Ошақбаева, академиялық персонал – У.Раметова, білімгерлер өкілі – Б. Бейсенбаева, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу.
2. ББ-ларына мониторинг жүргізу.

ТЫНДАЛДЫ:

АҚ төрағасы, С.Бейсембаева:

Күн тәртібіндегі **бірінші сұрақ** бойынша **АҚ төрағасы, С.Бейсембаева** сөз алып, 2023-2024 оқу жылында «Филология:орыс тілі мен әдебиеті» бірлескен білім беру бағдарламасын ашу жоспарланғаны туралы айтты. Білім беру бағдарламасы ішкі және сыртқы сараптаудан өткізуге дайын екенін мәлімдеді. Осыған орай, төменде аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. А.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры.
2. Р.Стамкулов - М.Пошанов атындағы № 21 жалпы орта мектебінің директоры.
3. А.Буханова - PhD, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қауымдастырылған профессоры.

Осы эксперттерге білім беру бағдарламалары экспертизаға жіберілгені туралы айтты.

Күн тәртібіндегі **екінші сұрақ** бойынша **АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова:** 2023-2024 оқу жылында Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының сапасына мониторинг жасау жоспарланып, жол картасы дайындалғанын айтып өтті. Қазіргі таңда мониторинг құралдары әзірленіп білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі бағалаудан өткізу процесі басталып кеткені туралы мәлімдеді.

АҚ төрағасы, С.Бейсембаева: ішкі мониторинг барысында екі түрлі сауалнама жүргізілді. Бірінші ОПҚ-ы мен студенттердің арасында жүргізілді. Ол сауалнама БББ мазмұны туралы хабардар болу деңгейін анықтауға арналған. Екінші сауалнама білім алушылар арасында жүргізілді. Ол сауалнама өзін-өзі бағалау арқылы білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін анықтауға арналған.

Осы сәтті пайдаланып, мониторинг жұмыстарын жүргізу барысында мониторинг құралдарын дайындауға, жүргізуге белсенді қатысып көмектескен әріптестерім Лазура ханымға, Меруерт ханымға, Гүлімжан апайымызға үлкен алғысымды айтамын.

Келесі сөз кезегін **АҚ мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алып: 2023-2024 оқу жылындағы жоспарланған мониторинг жұмыстары жақсы ұйымдастырылып жатыр. Соған қуанып отырмын. Сауалнама жүргізу нәтижесінде енді барлық ОПҚ-ы да студенттеріміз де білім беру бағдарламасымен танысуға мәжбүр болды. Себебі сауалнаманың сұрағына жауап

беру үшін БББ-ның мазмұнын, құрылымын қарау керек болды. Бұл бір жақсы бастама болды.

ШЕШІМ:

1. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі жақсы деп бағалансын.

Мәжіліс төрағасы:



С. Бейсембаева

Хатшысы:



У. Раменова